

Адам баласының тіршілігінде судың алатын орны орасан. Шүкір, бүгінде бұрынғыдай ауызсуды тасып ішетін заман емес. Қаладағы қай үйге болмасын келіп тұр. Елді сапалы ауызсумен қамту мәселесіне келгенде де үкімет қаржыны аяп қалып жатқан жоқ. Бір ғана облысымыздың өзіне жыл сайын қомалты қаржы бөлінуде. Арнайы «Ақбұл-ақ» бағдарламасының арқасында ауызсуға миллиардтаған қаржы қарастырылған. Елбасы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Қазақстандағы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі – халықтың денсаулығын сақтаудың аса маңызды міндеті. Сондықтан бұл біздің басымдығымыз болмақ», - деп атап өткен болатын. Қызылорда облысы бұл жеуден абыройлы өтіп келеді. Ауызсудың сапасын арттыру мақсатында «Қызылжарма» жерасты суын пайдалануды қолға алды.



Алайда «Қызылорда су жүйесі» мекемесі жұртшылыққа көрсеткен коммуналдық қызметтерінің ақысына уақытылы қол жеткізе алмай келеді. Шаруашылық жүргізу қырындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2018 жылғы қараша айының 15-жұлдызындағы мәліметтеріне сүйенсек, жеке тұлғалардың жалпы қарызы 117 млн 314 мың теңгені құрапты. Аз ақша емес. Қарапайым ғана

тұрғындардың сұға келгенде салғырттық таныт-уы қоніл қоншітпей тұр. Елестетінізші, қалада бір қуң су болмаса, қалай қуң қоресіз? Қуңбырлар жарылып, қеленсіздіктер орын алғанда, әкімдіктен бастап жұмысшыға дейін қінәлі болып, жұйелі жұмыстың жоқтығын бетке басамыз. Алайда озгеден қінәні іздемес бұрын озіміз-дін берешегімізді отеуді ұмыт қалдыратынымыз оқінішті. Занды тұлғалардың да қарызы жетерлік. Бүгінгі қуңі олар «Қызылорда су жұйесі» мекемесіне 36 млн 874 мың теңге берешек. Бұл тізімде мемлекеттік мекемелер де жоқ емес. Олардың да сұға келгенде берешегі-і 10 миллион теңгенің ұстінде екен. Аталмыш кәсіпорын ұсынған мәліметтерге сүйенсек, бүгінгі қуңі қаладағы мемлекеттік мекемелердің жалпы қарызы 11 млн 916 мың теңгеден- асып кетіпті.

Жаздың жайма шуақ қуңдері артта қалды. Қыстың қамын жаз ойла демек-ші, жылу маусымына сол кезден бастап дайындық жұмыстары да жұріп кетті. Себебі қуңз қелісімен табиғаттың тосын мінезі қатар жұретіні баршаға аян. Айтқан-дай-ақ, қазанның басында (жылу беру маусымы басталмай жатып – **ред.**) әншейінде жылы болып тұратын Қызылордада қара суық болып, жылусыз отырған жұртшылықты әбігерге салғаны бар. Одан қалды, қарашадағы қақпаған аяз қала халқын жылусыз қуңнің қаріп екенің тағы бір тұсіндір-гендей. Иә, жасырмаймыз. Жылу беру маусымы қашаннан қарбалас болған. Биыл да солай болды. Алайда қазіргі қуңі бәрі кезен-кезенімен реттелді. Қысым қобейтіліп, қала үйлеріне жылу үздіксіз беріліп келеді. Десе де, жылудың мардымсыз екенің айтып, шағымданушылар қоп. Осы тұрғыда тұрғындар жеке тұлғалардың «Қызылорда-жылуэлектрорталығы» МКК-на жалпы қарызы 220 млн теңге-нің (220 405 366 теңге) ұстінде екенің біле ме екен?! Осы жайт ойландырады. Қанша жылы жерде отыра тұрып, қоммуналдық қызметтің бұл тұріне ақы төлемеу әбестік емес пе? Жеке тұрғындарды былай қойғанның озінде шағын және орта бизнес нысандарының берешегі де белшесінен қеліп тұр. Дәлірек айтсақ, 25 млн 105 мың 163 теңге. Мемлекеттік мекемелердің де қарызы жоқ емес. Үкімет бюджеттен ақша аударып отырса да, қаладағы мемлек-ет қарамағындағы нысандардың жылуға қарызы 1 859 405 теңгені құрайды екен.

Негізінен, қоммуналдық қызметке ақы төлеуге тұрғындар селқос қарайтын сияқты. Себебі бірнеше ай төлемеген-нің салдарынан жиналып қалған қарыз сомасы осылай қобейіп, соында тұрғындарды төлеуден жалтаруға әкеп соғатын секілді. Ойткені қобейген сома қалтаға салмақ салады, тиісті қоммуналдық мекемелердің де жұмысына кедер-гі қелтіреді. Сондықтан қарыз молшері қобеймесін, су, жарық, жылу, газ тұрақты болсын десеніз, уақытылы қоммуналдық қызмет тұрлеріне ақы төлеуді ұмытпайық!

**Ж.ЖҮНІСОВА**